



Президент ТМД мемлекеттері басшыларының бейресми кездесуіне қатысты

Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығына мүше елдер көшбасшыларының бейресми кездесуіне Қазақстан Президентімен қатар Әзербайжан Президенті Ильхам Әлиев, Армения Премьер-министрі Никол Пашинян, Беларусь Президенті Александр Лукашенко, Ресей Президенті



Владимир Путин, Тәжікстан Президенті Эмомали Рахмон, Түрікменстан Президенті Сердар Бердімұхамедов, Өзбекстан Президенті Шавкат Мирзиёев қатысты, деп хабарлайды Egemen.kz Президенттің баспасөз қызметіне сілтеме жасап.

Жиын барысында ТМД елдерінің басшылары Ұйым қызметінің басым бағыттарын, өзара тиімді ынтымақтастықты нығайту және одан әрі дамыту жөніндегі жоспарды талқылады.

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Владимир Путинді мерейтойымен құттықтап, оның Қазақстан мен Ресей арасындағы стратегиялық серіктестікті нығайтуға қосқан үлесін атап өтті.



Президент «QazaqGaz» ҰК» АҚ Басқарма төрағасын қабылдады

Мемлекет басшысына ішкі нарықты тауарлық газбен қамтамасыз етуге басымдық беру жөніндегі тапсырмасының орындалу барысы туралы есеп берілді, деп хабарлайды Egemen.kz Ақордаға сілтеме жасап.

Санжар Жаркешов Қасым-Жомарт Тоқаевқа газ саласын дамытудың кешенді жоспарының жүзеге асырылу барысы жөнінде баяндап берді. Аталған жоспарда ресурстық базаны кеңейту, еліміздегі газ тасымалдау инфрақұрылымын жаңғырту және газ саласын реформалау мәселелері қамтылған.

Заңнамаға тиісті өзгерістер жыл соңына дейін енгізіледі. Мемлекет басшысы газ саласын дамытудың кешенді жоспарын одан әрі жүзеге асыруды жалғастыру және Қашаған кен орнында салынып жатқан газ өңдеу зауытының құрылысын жеделдету жөнінде тапсырма берді.

Президент Қазақстанның БҰҰ жанындағы жаңадан тағайындалған Тұрақты өкілін қабылдады

Кездесу барысында Мемлекет басшысы Біріккен Ұлттар Ұйымымен арадағы ынтымақтастықты одан әрі нығайтудың маңыздылығына ерекше назар аударды, деп хабарлайды Egemen.kz Ақордаға сілтеме жасап.

Қасым-Жомарт Тоқаев Ақан Рахметуллинге БҰҰ күн тәртібіндегі барлық өзекті мәселеге қатысты жұмыстарды белсенді жалғастыруға және осы әмбебап ұйыммен өзара іс-әрекет бойынша жаңа әрі ұзақ мерзімді тәсілдерді әзірлеуге бағытталған бірқатар нақты міндеттер жүктелді.

ИИДМ басшысы Орталық Азия елдері мен Ирандағы әріптестерімен кездесті

Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрі Қайырбек Өскенбаев Орталық Азия елдері мен Иран Ислам Республикасындағы әріптестерімен кездесті, деп хабарлайды Egemen.kz ведомствоның баспасөз қызметіне сілтеме жасап.

Тегеран қаласында өткен кездесу барысында өңірлер арасындағы көлік-транзиттік ынтымақтастықты дамыту мәселелері талқыланды.

Жиынға қатысушы елдер инфрақұрылымдағы «кедергілерді», атап айтқанда әкімшілік кедергілерді жою және тасымалдаушылар үшін қолайлы жағдайлар жасау арқылы «Солтүстік – Оңтүстік» дәлізін дамыту жөніндегі бастаманы қолдады.

«Біз «Солтүстік – Оңтүстік» халықаралық көлік дәлізі бойынша елдер арасындағы транзиттік әлеуетті арттыруға мүдделіміз. Бүгінгі таңда Ақтау порттары және Иранның



солтүстік порттары, сонымен бірге Анзали мен Амирабадтың арасында тұрақты көлік қатынасы орнатылды. Контейнерлік тасымалдарды дамыту үшін Ақтау порты өз қызметтеріне жеңілдіктер ұсынып, 40 футтық контейнерді ауыстырып тиеу тарифтері

төмендетілді. Сондай-ақ Қазақстан – Түрікменстан – Иран құрлықтық теміржол бағыты бойынша контейнерлік қатынас орнатылып жатыр», деп атап өтті министр.

Кездесуге қатысушылар Орталық Азия елдерін Парсы шығанағы мен

Оңтүстік Азия өңірлерімен байланыстыратын дәліздер және көлік объектілерінің инфрақұрылымдық мүмкіндіктеріне қатысты мәселені де күн тәртібіне сәйкес талқылады.

«Қазақстан транзиттік тасымалдардың жылдамдығы мен сапасын арттыруға мүмкіндік беретін барлық қажетті жағдай жасап, тиісті инфрақұрылыммен қамтып отыр. Аталған алаң елдеріміздің мүдделерін жақындастыра түсетініне, сондай-ақ өзара тиімді ынтымақтастықты құру үшін оңтайлы міндеттерді шешуге ықпал ететініне сенімдімін», деп түйіндеді Қайырбек Өскенбаев.

Кездесу қорытындысы бойынша көлік министрлерінің ынтымақтастықты одан әрі дамыту туралы бірлескен мәлімдемесіне қол қойылды.

«Егемен Қазақстан» газетінен.

2022 ЖЫЛ 20 ҚАРАША

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
ПРЕЗИДЕНТІНІҢ САЙЛАУЫӘР АЗАМАТТЫҢ ДАУЫСЫ
МАҢЫЗДЫ

20 ҚАРАША 2022

Қазақстан Республикасының
Президенттігіне кандидатқа
қойылатын талаптар туралы

Кандидат тумысынан Республика азаматы болып табылатын;

40+ Қырық жасқа толған;

Мемлекеттік тілді еркін меңгерген;

Қазақстанда соңғы он бес жыл бойы тұратын;

Жоғары білімі бар;

Мемлекеттік қызметте немесе сайланбалы мемлекеттік лауазымдарда кемінде 5 жылды құрайтын жұмыс тәжірибесі бар;

Белсенді сайлау құқығына ие азамат болуы тиіс.

Кандидаттарды республикалық қоғамдық бірлестіктер ұсынады.

Кандидаттарды ұсыну
2022 жылғы 11 қазан сағат 18:00-де аяқталады.
Кандидаттарды тіркеу
2022 жылғы 21 қазан сағат 18:00-ге дейін.

Ұстаз жолы-Ұлы жол

“Маған жақсы мұғалім бәрінен де қымбат, өйткені мұғалім-мектептің жүрегі”. Дүниедегі мамандық атаулының төресі-ұстаздық. Әсілі, мұғалім барлық мамандық иесін тәрбиелейтін, оқытып үйрететін мейірімді абзал жандар. «Мұғалім мамандығы-барлық мамандықтың анасы» демекші, ұстаз алдынан тәрбие алмайтын жан жоқ. Ұстаз берген тәрбие әрбір жанның өміріне жол сілтер шамшырақ секілді. Ғылым иесі ғалым да, ел қорғаған батыр да, тілінен бал тамған ақын да, тегеуріні темір балқытқан жұмысшы да, егін салған диқан да, мал бағып терін төккен шопан да, көк күмбезінен әрі өткен ғарышкер де бәрі-бәрі ұстаздан білім, тәлім алған. Сондықтан ұлағатты ұстаздарға бүкіл адам баласы құрметпен бас иеді. Ұстаздар мерекесіне орай аудандық “Мыңжылқы” мәдениет үйінде «Ұстаз жолы – ұлы жол» тақырыбында мерекелік жиын өтті. Жиынға аудан әкімі Тұрысбеков Мұхит Сексен-

байұлы қатысып, білім саласында еңбек етіп жүрген барша ұстаздар қауымын кәсіби мерекесімен құттықтады. «Құрметті ұстаздар! Баршаңыздың отбасыларыңызға – амандық, дендеріңізге-саулық, еңбектеріңізге табыс тілеймін. Мереке құтты болсын! Ұстаз – жай білім беретін мамандық иесі емес. Ол- екінші ата-ана, тәрбиенің де қайнар көзі. Бәріміз де ұстаздарға қарыздармыз. Сондықтан ұлағатты ұстаздардың алдында барлық адам құрметпен бас иеді», – деген аудан басшысы білім саласында жеткен жетістіктермен де бөлісіп, елеулі еңбектің бәрі ұстаздардың қажырлы еңбегінің жемісі екенін атап өтті. Ауданның білім саласының дамуына үлес қосқан ұстаздарға аудан әкімінің, «Аманат» партиясы Түркістан облыстық филиалының алғыс хаты табысталды. Сонымен бірге, А.Байтұрсынұновтың 150 жылдық мерей тойына орай ұйымдастырылған эссе жазу байқауына қатысқан барлық мектеп бас-

шыларына арнайы сый-сияпат табыс етілді. Сондай-ақ, аудандық мәслихат хатшысы Бегімбет Байғараев, оқушыларға ғажайып дүние сырын ұқтырып, білім нәрімен суындатып, тұла бойларына тәлім-тәрбие сіңдіріп еңбек етіп жүрген ұстаздарға жүрек жарды лебізін білдіріп, аудандық мәслихаттың алғыс хатымен бір қатар ұстаздар қауымын марапаттады. Әр бір білім ордасының білімді, білікті, жан-жақты озат оқушы тәрбиелеп жүрген ұстаздарға Түркістан облысының адами әлеуетті дамыту басқармасының алғыс хаты табысталды. Мерекелік шара барысында бала-бақша жас дарындары, озат оқушылар ұстаздарға құттықтауларын жолдап әсем әндерін шырқады. Бейнетінің зейнетін көріп, ұстаздық жолда аянбай еңбек еткен ардагер ұстаздарымызға да арнайы құрмет көрсетіліп, жиынға қатысқан көпшілік мерекелік көңіл-күйде тарқасты.

Қ.НҰРМАНҰЛЫ.

Созақ ауданы
тұрғындарының
назарына!

2022 жылғы 20 қарашада өтетін Қазақстан Республикасы Президентінің сайлауында дауыс беруге арналған өзінің сайлау учаскесі туралы қажетті ақпарат алу үшін Telegram мессенджерінде арнайы бот іске



қосылды (https://t.me/tur_saylaw_bot) және Түркістан облысы әкімдігінің ресми сайтында жарияланды (<https://tur.saylaw.kz>).

Осы құралдардың көмегімен Сіз 2022 жылғы 20 қарашада өтетін Қазақстан Республикасы Президентінің сайлау күні дауыс бере алатын сайлау учаскесі туралы толық ақпарат (нөмірі, мекен жайы, байланыстары) ала аласыз.

Қосымша сұрақтар болған жағдайда 109 Call-орталығына хабарласуға болады. 109 Call-орталығы 24/7 режимінде жұмыс істейді.

Аудан әкімінің
Алғыс хатын тапсырды

4 қазанда «Қазатомөнеркәсіп» ҰАК» АҚ Басқарма төрағасы Ержан Мұқанов Түркістан облысы Созақ ауданы әкімдігінің қызметкері Дулат Байзақовпен кездесті.

Кездесу барысында Дулат Байзақов «Қазатомөнеркәсіп» басшысына ұлттық атом компаниясының өңірдің әлеуметтік-экономикалық дамуына қосқан үлесі үшін Созақ ауданының әкімі Мұхит Тұрысбековтың атынан Алғыс хатын тапсырып, атом саласы қызметкерлері күніне орай құттықтауын жеткізді. Атом саласының еліміздің экономикасы үшін стратегиялық маңыздылығы, сондай-ақ атом холдингі жұмыс жүргі-

зетін оңтүстік өңірлердегі компанияның әлеуметтік жауапкершілігін дәлелдейтін көп жылдық жемісті жұмысы атап өтілді.

“Қазатомөнеркәсіп” өзі қатысатын өңірлердің дамуы мен өсуін белсенді қолдайды, жергілікті халықтың әлауқатын жақсартуға үлес қоса отырып, әлеуметтік маңызы бар жобаларды қаржыландырады. Тек 2021 жылы ғана “Қазатомөнеркәсіп” жер қойнауын пайдалануға арналған келісімшарттар бойынша міндеттемелерді

орындау шеңберінде өңірлердің әлеуметтік-экономикалық дамуына 1,609 млрд теңге қаржы аударды. Сондай-ақ, Түркістан және Қызылорда облыстарының 7 елді мекенінде ауылдарды абаттандыру, заманауи балалар ойын және спорт алаңдарын салу сияқты бірқатар әлеуметтік жобалар іске асырылды және халықтың әлеуметтік осал топтарына қаржылай көмек көрсетілді. 2021 жылдың қорытындысы бойынша “Қазатомөнеркәсіп” әлеуметтік маңызы бар жобаларды іске асыруға 850 млн теңге көлемінде қаражат бөлді.

Нұржамал МАЙУСОВА.

Жарыстан жүлдемен
оралды

Спорт-Алланың қойған парыздары мен білім үйренуден кейінгі ең абзал әрекет. Дене шынықтыру адам баласының тәнін ғана дамытып қоймай, рухани жақтан да тәрбиелейді. Ислам діні де адам баласын спортпен шұғылдануға, өнермен айналысуға және денсаулыққа аса мән беруге же-



телейді емеспе.

Телеби ауданының құрылғанына 90 жыл толуына орай Төлебидің тумалары Түркістан облысы бойынша мешіт қызметкерлері арасында кіші футболдан жарыс ұйымдастырған болатын. Айта кететіні, сол жарысқа Созақ ауданының мешіт қызметкерлері де қатысып, 17 команданың ішінен жерлестеріміз үздік ойын көрсетіп, 2-орынға ие болып, жүлдемен оралды.

Аудан әкімі Тұрысбеков Мұхит Сексенбайұлы жеңіс тұғырынан көрініп, ауданымыздың мерейін асырған мешіт қызметкерлерінің командасын арнайы қабылдап, ақжарма тілегін айтып, алғыс хаттар табыс етті.

Құрманбай ТҰРҒАНОВ.

Жолдауды қолдау

Тарих ғылымының тәрбиелік үлгісінде еңбек етудің алғы шарттары қоғамның даму тарихына байланысты, оның негізі таза еңбекте. Еңбек өз кезегінде тәрбиенің негізінен туындайды деген. Яғни, еңбекке тәрбиелеудің өмірлік ұстанымы, ол еңбек тәрбиесі, өмір кілті, бақыттың тұтқасы. Олай болса Жаңа Қазақстан тәрбие мен болашақтың мұраты болмақ.

ЖАҢА ҚАЗАҚСТАН- БОЛАШАҚТЫҢ МҰРАТЫ

Мен осы орайда жаңа Қазақстан жобасына ұлттық тәрбиені қоса көтеруіміз қажет деп таптым. Өйткені ұлттық заманауи тәрбие ескі бәсекеге қабілетсіз өндіріс пен технологияны жаңасы алмастырады, бұл адамдардан өз дағдылары мен біліктіліктерін арттыруды немесе қайта мамандандыру талап етеді;

Осы мәселелер еңбекке деген сүйспеншілікті дәріптеу қажеттілігін көрсетеді.

Демек дамып келе жатқан жаһандану дәуірінде өрнекті қоғамға илесе алатын терең білімді, ұлттық сана, мәдениет, рух өрлеуі, еңбек пен ұрпақ тәрбиесі, бүгінгі күннің басты талабы. Себебі бүгінгі таңда еліміздің әлемдегі дамыған мемлекеттердің қатарына қосылуы білім мен еңбек және ұлттық тәрбиеге байланысты.

Қазіргі ғылым мен жаңа технология жетілген заманда, экономикалық даму рухани дамудан басып озды.

Рухани даму кенжелеген заманда қоғам азғындайтынына тарих куә.

Сондықтан қай кезеңде де адамзат игілігі үшін, дамудың жаһандық трендін қамтамасыз етіп, еңбек тәрбиесіне баса көңіл бөліп келген.

Бұл ретте әлбетте Жалпыға Ортақ Еңбек Қоғамы идеясы алға шығуы тиіс.

Демек қоғамның әрбір мүшесі еңбек ету қағидасын жете түсіну арқылы адал еңбек етуге әрекеттенеді.

Бұл мәселені қозғау себебіміз өскен өңірім алтын бесігіміз деген девизбен әр өңірді заман талабына сай жаңғыртып, елдің игілігі үшін жаңа технологияларды еңгізген абзал болмақ.

Осы бастаманы қолға алған Созақ ауданының әкімдігі биыл 2022 жылдың көктем айын ауыл келбетін жасыл желекке айналдыру ісімен бастады.

Бұл бастаманы қолдаған барлық ұжымдар бір кісідей ат салысып, ауылдың тазалығы мен көріктендіру жұмысына жұмыла кірісті. Көктемгі егіс басында шаруалар қызу науқандық жұмыстар атқарды.

Жас кәсіпкерлер толқыны пайда бола бастады. Жаңа бағдарлама, жаңа бастама Созақ жұртшылығын тыс қалдырмады.

Демек, әрбір қоғам мүшесі «еңбек етсең ерінбей, тояды қарның тіленбей» қағидатын терең түсініп, адал еңбек етуді мақсат еткенін көреміз.

Ендігі мақсат саналы ұрпақ, сапалы мамандар дайындау міндеті тұр.

Әлемдік өркениеттің барлық құндылықтары, мәдени байлықтар адам еңбегімен жасалатындықтан, әлеуметтік жаңғырту да өнімді еңбектің арқасында жүзеге асады. Халықтың әл-ауқатын жақсартып, елді көркейтудің ең төте жолы, ұлттық руханият пен елдің эко-

номикалық тұрақты дамуына негіз болатын жалпы адамзаттық құндылық-еңбекті алдыңғы орынға қойып, мазмұнын қайта жаңғырту мемлекет үшін маңызды. Бүкіл қоғам саналы түрде еңбекке бет бұрып, тынымсыз әрекеттенсе, азаматтардың тұрмысы түзеліп, мемлекеттің даму деңгейі артатыны мәлім. Мұндай игілікке бастайтын жол-мәсылдықтан арылу. Жаңа Қазақстан құру жо-

лында көтерген мемлекет басшысының бастамасын қолдаған Созақ аудандық әкімдігі нақты бағдарламаларын белгілеп, іске асыруды қолға алуда. Өйткені, еңбек-елдің де, жеке адамның да өсіп-өркендеуінің кепілі. Ұлттық руханият пен елдің экономикалық тұрақты дамуына негіз болатын жалпы адамзаттық құндылық – еңбек-тәрбиесін алдыңғы орынға қойып, мазмұнын қайта жаңғырту бүгінгі күннің талабы. Қазақстанның да жарқын болашаққа тек экономиканы дамытумен ғана жетуі мүмкін емес екенін түсініп, экономикалық дамуға күш беретін рухани қуаттылықты арттыруға әрбір қазақстандық үлес қосуы маңызды. Ол үшін қоғамның еңбекші күшінің санасын жаңғыртып, қоғамдық сананы өзгертуге ұмтылу керек. Қоғамдық сананы өзгерту үшін ұлттық тәрбие мен білімнің орны ерекше болмақ.

Қазіргі замандағы басты мәселелердің бірі-ұлттық тәрбие мен қатар білімді, салт-сана, мәдениет құндылықтары аса қажет. Ұлттық құндылықтар мен қоғамдық өзгерістерді сабақтастырып, үрдісті үзбей, дәстүрді бұзбай, тілді шұбарламай, еңбекке икемді ұрпақты тәрбиелеу үшін жүйелі сөзді орнымен қолдана білу – уақыт талабы.

Тарих толқынымен ұрпақтар ауысқанымен, жасампаз халық ұлтының асыл құндылықтарын ардақтап, кейінгіге қалдырып отыратыны – өмір заңдылығы.

Қазір бізге не керек? – керекі рухани қазына, терең білім, ұлттық сана, рух өрлеуі, әрине білім мен еңбек тәрбиенің деңгейіне тікелей байланысты. Себебі, қазіргі таңда еліміздің әлемдегі дамыған мемлекеттердің қатарына қосылуы білімге, мәдениетке және ұлттық санаға тәрбиеге байланысты.

Ең алдымен жастардың елге, оның игілігіне деген мақтанш сезімі болуы керек. Бүгінгі жастарымыз еліміздің нағыз патриоты болып өсіп, білімді қабілетті, еңбексүйгіш дәрежеге жетуі тиіс.

Жалпы еңбек қатнастары ұлттық тәрбиеден бастау алып өркендейтіні тарихтан мәлім. Бүгінде заман өзгерді, білек пен найзаны білім мен еңбек ауыстыру дәуірі туды.

Қазақ халқы сонау көшпелі дәуірден бері еңбек пен тәрбиені қатар алып, салт-дәстүрді сақтай отырып келешек ұрпағына өшпес мұра қалдырған даналықты көреміз. Оны жас ұрпақтың бойына сіңіру, бүгінгі және келешек ұрпақтың парызы болмақ.

Бұдан қорытынды: Еңбек елдің мұраты, ақыл білімнің шырағы, бұл қос ұғым өмірдің бұлағы.

Мыңжасар АСҚАРУЛЫ,
Қазақстан Республикасының мәдениет қайраткері.

Президентпен кездесуден ойға түйгенім...



Президенттің Түркістан облысы жұртшылығымен кездесуе ағынан жарылып, сөйлеген сөзінен мемлекетті түбегейлі өзгертуге бел бұғанын, бұл бағытта солқылдақтыққа жол бермейтінін көзім жетті. Әділетті Қазақстан құруда әр қадамды терең пайымдап, парасатты шешімдер қабылдай отырып, іске асыруда табандылық таныта алатынына, жел сөздерге мән бермей, көзқарасынан танбайтынын таныдым.

Елге сапарын Түркістаннан бастағаны да көп нәрсені аңғартады. Өз сөзінде ұлы тұлғалар мәңгілік мекен еткен жердің қасиетін атап өтіп, сонау заманнан түркілердің түп ұясы болған Түркістанның тарихи мән-мағынасына да тоқталды. Ұлттың алтын бесігі, ынтымақ пен берекенің ордасы оңтүстіктің ел бірлігінің ұстыны деп танимын деді. Бұл сөзі әрине түркістандықтарға үлкен жауапкершілік жүкттейді. Жалпы тап қазір айналамыздағы аласапыран кезеңде Президентіміздің қандай күрделі сұрақтардың

шешімін тауып, жігін жатыстырып жүргенін жүректен өткізіп пайымдағаны дұрыс-ау әр қазақтың. Әрине, бір жылға толар толмас қой үстіне бозторғай жұмыртқалайтын заман орнай салмады дейміз пендешілікке салынып. Қазір қылыш ұстап жауға шауып, қырып салатын, бірден темірдей тәртіп орната салатын заман емес. Мұны көршілес елдердегі шиеленіскен жағдайдан көріп отырмыз. Тап қазір елге бірлік пен сабыр керек деді. Өте дұрыс. Мұны тек мен емес, елім деген әр азамат пайымдап отыр деп ойлаймын.

Президенттің әр қадамы көз алдымызда, талапты алдымен өзімізге қоюымыз керек. Өйткені Президент пәрмен береді, оны орындаушы халық. Сондықтан кемшін тұстарын бетке басып, диванда айқайлай бермей, әркім өз ісіне адал болса, бәрі орнына келеді.

Президент сайлауын да айттып өтті. Бірге атқаруға шақырды. Мұны алдағы күндер көрсете жатар. Дұрыс тандау

жасалынар, тек немісқұрайдылық болмаса екен.

Түркістанға айрықша статус беру туралы пікірі, әлеуметтік даму, қоғамдағы шешімді тез талап ететін тұстарды атап, мемлекет тарапынан қолдау жалғаса береді деді. Келесі ұлттық құрылтай Түркістанда өтеді дегені де өңірімізге үлкен сенім артуы, мәртебеміздің биіктегені.

Мұның бәрін мен жалаң сөз деп ойламаймын. Бәрі уақыт еншісінде. Әрине, әркімнің өз ойы, алуан пікірі бар. Бірақ дана бабаларымыз айтқандай, бірліксіз тірлік жоқ. Айналамыз аласапыран. Осындайда ел ішіндегі алып-қашпа сөздерді іліп алып, байбалам салмай, басу айтқан ләзім.айналамызды сабырға шақырып, мемлекет басшысы тарапынан жасалып жатқан қадамдарға түсіністікпен қарап, қолдау білдіру – азаматтық парызымыз.

Гүлнар ӨМІРБЕК,
Қазақстан Жазушылар және Журналистер Одақтарының мүшесі.

Қариялар музейде болды



Жақында Құмкент ауыл округінің қариялары аудан орталығындағы С.Қожанов атындағы тарихи-өлкетану музейіне келді. Шараны ұйымдастыруға ауыл әкімі Ғани Пардабекұлы ұйытқы болды. Қонақтарды музей басшысы Ниязәлі Дүйсенбек қарсы алып, экспонаттарды аралатып, көрсетті. Тарихи жәдігерлерді көрініп таныстырып, өлкеміздің өткен өмірінен сыр шертетін мәнді дүниелерді келушілердің назарына ұсынды.

Ауыл ақсақалдарын бастап келген ауылдық ардагерлер кеңесінің төрағасы Есен Досболов музейді аралау барысында алған

әсерімен бөлісті.

«Көненің көзіндей, тарихтың сөзіндей болған музей біздерді ерекше сезімге бөледі. Аудан орталығына кіре беріске орналасқан бұл мәдени ошақтың Шолаққорғанға тамаша көрік беріп тұрғаны анық. Аралап, көріп өңіріміздің тарихынан терең мағлұмат алдық. Жастар үшін музейге қойылған заттардың мән-мазмұны, тәрбиелік мәні зор деп есептейміз. Музей директоры Н.Дүйсенбек біздерге бұл ғимараттың салыну тарихы, ашылуы жайлы әңгімелеп берді. Сырттай естіп, музейдің ашылғанына қуанып жүретінбіз.

Бүгін міне келіп, көріп, тамашалап қуанып қалдық. Бастамашыл болып келуімізге мұрындық болған ауыл әкіміне рахмет айтамыз, деді ол.

Қасиетті Баба Түкті Шашты Әзізден, Жылыбұлақтан келген қариялар қарттар мерекесі аясында музейге келіп, рухани азық алғандарын жеткізді.

Құмкенттік еңбек ардагері Жақсылық Зұлпұқаров ризашылығын білдіре келіп, батасын берді. Музей директоры Н.Дүйсенбек батагөй қарияға құрмет көрсетті.

Сәрсенбек ТЕҢІЗБАЕВ.

Ұлы мақсаттарға бастар «Ұлы Дала жорығы» немесе

Жалпы, өткен қыркүйек айы еліміз үшін де облысымыз бен ауданымыз үшін де айтулы оқиғаларға толы болды. Солардың ең бастыларының бірі де бірегейі алғаш рет Қазақстанда «Ұлы Дала жорығы» марафон- бәйгесінің өтуі еді. Бұл «Ұлы Дала жорығы» әлемдік тәжірибеде теңдесі жоқ, жалпы республикалық ат спорты марафоны. Жалпы, жобаның мақсаты- Қазақстанмен тікелей байланысы бар танымал тренд жасау, ұлттық мәдениетті халықаралық аренаға шығару, жастарды ұлттық мәдениет пен тарихты зерделеуге тарту, спорттық шеберлік пен ұлттық құндылықтарды ұлықтауға тәрбиелеу еді. Сондай- ақ, бұл марафон елімізде отандық туризм мен ұлттық спортты дамытуға үлкен серпін береді деп күтілуде. Содан, елдің екі көзі талып күткен дүбірлі дода, «Ұлы Дала жорығы» ұлттық марафоны Қыркүйектің 17 күні елордамыз Астанадағы «Қазанат» ипподромында салтанатты түрде ашылды. Бас- аяғы 19 команданы құрайтын, 100 шабандоз және 95 бәйге атынан тұратын марафоншылар Қыркүйектің 18-інде Астана қаласынан шығып, Жезқазған, Қызылорда облыстары мен Созақ ауданының территориясын қамтитын 1200 шақырымды басып өтіп, түбі бір Түркі жұртының рухани астанасы Түркістанда мәре сызығын кесіп өтулері тиіс болатын. Солай болды да. Сонымен, төрткүл дүние теледидардан, әлеуметтік желілерден тамашалаған тарихи додаға Түркістан облысының атынан сырлы Созақтың «Теріскей» командасы да қатысып, небір азулы командаларды шаңға көміп, Түркістан облысы мен ауданымыздың халқының үмітін ақтап, жүлделі III орыннан көрінгенін бүкіл ел болып тамашаладық. Міне сөйткен, шашасына шаң жуытпас шабандоздарымызды, Ұлттық ат спорты федерациясының Түркістан облысындағы филиалының өкілдерін, бәйге қатысқан аттардың иелері мен «Теріскей» командасының капитандарын Созақ ауданының әкімі Тұрысбеков Мұхит Сексенбайұлы Қазанның 6 күні қабылдады. Қабылдауға жоғарыда аты аталғандардан бөлек, осы «Ұлы Дала жорығы» жобасы аясында марафонға қатысушы аттар ауданымыздың территориясынан өтіп жатқанда қатысушыларға түрлі деңгейде қызмет түрлерін көрсеткен ауыл әкімдері де қатысты. Айта кету керек, түрлі қызметтен мұрат жобаның ұйымдастырушыларына, шабандоздар мен жанкүйер- жетекшілерінің үш мезгіл ас-ауқаттары мен басқа да қажетті мүшкілдерін, сондай- ақ, аттардың жем-шөбі мен суын т.б ұйымдастырғанын сөз етіп отырмыз. Сонымен, аудан әкімдігінің мәжіліс залына жиылған жұртпен амандасып алған аудан әкімі Мұхит Сексенбайұлы жалпы жобаның мақсатына ұйымдастырылу және өту барысына тоқталып өтті. Әсіресе, өз ауданымыздың территориясына кіріп, Түркістан бағытына жүріп кеткенге дейінгі аралықта барша марафонға қатысушыларға жоғары деңгейде қызмет істеген түрлі деңгейдегі азаматтарға алғысын айтып, рахметін білдірді. Ең бастысы, ауданымыздың ғана емес, тұтастай Түркістан облысының атынан осы ұлы дүбірге қатысып, жүлделі III орынды иеленген «Теріскей» командасын ешбірін бөліп жармай баршасына Созақ халқының атынан ризашылығын білдіріп, бұл жеңістің оңай жолмен келмегендігіне тоқталды. Нақтырақ айтсақ, төрткүл дүние көз тіккен теңдессіз марафонды ұйымдастырушылардың, Түркістан облысы бойынша Ұлттық ат спорт түрлері федерациясының өкілдерінің, «Теріскей» командасының өте қысқа мерзімде жабдықтауға жанқиярлықпен атсалысқан арда ағаларға, аламанға қатысқан он аттың иелері мен жеңімпаз шабандоздардың және команда капитандарының еңбегін ерекше атап өтті. Мұнан соң, жалпы команда мүшелеріне, осы ат спорты саласында еңбек етіп жүрген азаматтарға осы жеңіске марқайып, босаңсып қалмауды тапсырды. Себебі, бұл бүкіл қазақ даласын дүбірлетіп, бүкіл әлемді дүрліктіріп өткен республикалық аламан бәйге алдағы уақыттарда да жалғасын тауып, жыл сайын, дәстүрлі түрде өтетін болды. Тіпті, жоба авторлары мен ұйымда-



стырушылардың сөзіне сенсек, келесі жылы Көкшетау жерінен сөреге шыққан аттар былғыдай 1200 шақырымды емес, керісінше, Кенесары хан алты күнде басып өткен 1500 км жерді шауып өтеді деп жатыр. Мұнан бөлек, әрбір облыста өңірлік (региональней) жарыстар ұйымдастырылып, республикалық марафонға қатысатын жүйріктер мен шабандоздар іріктелетін болды. Сол үшін, осы бастан баршамыз ауыз- біршілікте, ағаларымызды алға салып, інілеріміз ізінен еріп отыруымыз қажет. Елдігімізді, бірлігіміз бен тірлігімізді, тіпті, ірілігімізді көрсететін кез осы кез. Сондықтан да, алдағы аптаның бір күнін белгілеп, ел болып, құдайы мал шалып, ас беріп, ақсақалдардың батасын алайық. «Кеңесіп пішкен тон келсе болмас» деп, осы ат спорты саласында жүрген аға-інілерімізбен алдағы атқарар шараларымызды ақылдасып, кеңесіп алайық деді. Тағы да, алдағы уақытта ауданымыздан осы ат спорты үйірмесін ашуды жоспарлап отырғанын да тілге тиек етті.

Жеңімпаздарды марапаттау редакцияда жалғасын тапты

Орайлы сәтті пайдаланып, ауданымыздың көзі, құлағы һәм тілі «Созақ үні» газетінің ұжымы редакцияға шақырып, жалпы, Түркістан облысының намысын қорғаған «Теріскей» командасын қабылдаған едік. «Жүйрікте де жүйрік бар, әліне қарап шабады» деген мәкіш, әрине, облыс және аудан басшыларының қабылдауының жөні бөлек. Дегенмен, мәселе марапаттың үлкен немесе кіші болуында емес, керісінше, шын көңілден болғаны маңызды дегенге тоқталдық. Сөйтіп, команданың барлық мүшелеріне аудандық «Созақ үні» газетінің ұжымы мен директоры Әбілпаттаев Ержан Бақытұлының атынан алғыс хаттар беріп, сол, заттай сый-сияпаттармен марапаттадық. Тарихи оқиғаның, алғашқы республикалық марафоны «Ұлы Дала жорығы» жобасының қатысушылары, жүлделі III орын



Ол үшін Түркістан облысы бойынша Ұлттық ат спорты мектебінің басшылығымен келіссөз жүргізіп жатқанынан да хабардар етті. Әрі қарай кезек марапаттауға берілді. Сонымен, аудан әкімі Тұрысбеков Мұхит Сексенбайұлының алғыс хаты мен заттай сый-сияпатына: Ат иелері: Жақаев Мырзағали Оразайұлы, Әбдіраев Әлиайдар, Есентаев Бауыржан Амантайұлы, Барын Нұршаұлы, Жазылбек (Қоқан) Ниетқабұлұлы, Өскен Тоқтарұлы, Біржан Әділжанұлы; Жаттықтырушы, жетекші- капитандар: Нұрхан Садуақасұлы, Абай Ақынқожаұлы, Зұлхарнай Думан және Алматы Айтжан; Шабандоздар: Исатай Бауыржанұлы, Армият Маханов, Саидрахман Барынұлы, Еркін Жанысбайұлы, Өскен Тоқтарұлы; ауыл әкімдері: Батырхан Қаныбекұлы, Әділ Камалұлы және Ержан Төлеуғалиұлы есімді азаматтар ие болды.

мен құны 3 млн теңгелік сертификаттың жеңімпаздарына редакция ұжымы атынан құттықтау сөздер сөйледік. Ұлттық спорт жолында ауданымыздың, облысымыз бен еліміздің намысын түрлі деңгейдегі біріншіліктерде абыроймен алға сүйрей беріңіздер деген мазмұнда ақжарма тілектерімізді арнадық. Соңынан, тарихи сәттен естелік болсын деп, жеңімпаздармен суретке түстік!

«Ұлы Дала жорығы» жеңімпаздары, Созақ ат спорты саңлақтарымен сұхбат

Созақ сөз саласының киелі шаңырағы, арысын айтпағанда, қазіргі буын ұрпаққа «Молшылық» және «Теріскей» атауларымен танымал газеттердің ізбасары аудандық «Созақ үні» ұжымына кеп тұрып, келешекте Қазақ, Созақ тарихи жылнамаларына аттары алтын

әріптермен жазылатын Созақ ат спорты саңлақтарымен сұхбаттаспау оқырмандарымыз үшін хақсыздық болар еді. Дегенмен, Түркістан облысының атынан ұлттық жобаға қатысып, жүлделі III орынды иеленген «Теріскей» командасының жанашырлары, қатысушылары әрі жетекші- жаттықтырушылары Әбдіраев Әлиайдар мен Ұлықсатов Барын Нұршаұлын және Айтжан Алматы Жұпанбайұлын созақша сырлы-сұхбатқа шақырған едім:

-Сонымен алғашқы сұрағым: «Жалпы, бұл марафонның өтетінінен қалай хабардар болдыңыздар? Команда құру жөніндегі ұсыныс кімнен түсті және алғашқы қадамды кім жасады?»

Әлиайдар қария: «Ұлы Дала жорығы» жобасы аясында 1200 шақырымдық марафон өтетіні мен Ұлттық ат спорты мектебінің аға жаттықтырушысы Айтбаев Нұрхан Садуақасұлынан естідім. Түркістан облысының атынан команда жасақтау жөніндегі ұсынысты да сол Нұрхан жасады. Сонымен, бірден ауданымыздың көлемінде ат ұстап, баптап жүрген азаматтарға шықтым. Оның ішінде, сол Мырзакең Оразайұлы (Шолаққорғаннан), Бауыржан Амантайұлы (Жыныс ауылынан), Барын Нұршаұлы (Шолаққорғаннан), Алматы Жұпанбайұлы (Шолаққорғаннан), Жазылбек (Қоқан) Ниетқабұлұлы (Шолаққорғаннан), Өскен Тоқтарұлы (Шолаққорғаннан) және Әділжан Асандар (Шолаққорғаннан) бар еді. Әрине, аяқ астынан естіген соң бабында жүрген ат пенен шабандоз шығару ә дегенде оңай болмады. Дегенмен, елдігіміз бен азаматтығымыз сыңа түсіп жатқан сәтте жергілікті билік өкілдері де, кәсіпкер азаматтар мен ат ұстайтын жігіттер де тартынып қалмады. «Я бел кетеді, я белбеу кетеді» деген мәкіш, Мырзакең- Сұр көжек, Бөрі күрең және Хан торысын, Мен- Ақ маңдайымды, Бауыржан- Көк топай мен Шаухарын, Барын- Алға- сын, Тоқтар- Сары бауырын, Әділжан- Жартасын жарыс жолына шығаратын болдық. Бірақ, бізге әлі де бір ат керек еді. Міне, осы кезде Қоқан інім табан астынан Шиска торы есімді атты сатып алып, марафонның

шарты бойынша қажетті 10 атқа қол жеткізуімізге септігін тигізді. Содан, әуелі команданы жасақтап алайық деп шештік. Шабатын ат белгілі болды, енді шабандоз қажет. Шабандоз табу да оңай болмады. Алайда, ауданның, облыстың намысы бәйгеге түсіп жатқанда ат сүйер, аламан сүйер азаматтарымыз тасада қалсын ба? Сонымен, командадағы 10 атқа 600 шақырымдық екі кезеңде ауысып мінетін 5 шабандозды да анықтап алдық. Олар: Исатай Есентай Бауыржанұлы, Нұрша Саидрахман Барынұлы, Маханов Армият, Өскен Тоқтарұлы және Еркін Жанысбайұлы деген балаларымыз еді. Бұлардың арасында Исатай Бауыржанұлын Шымкент қаласында монша жағып күнелтіп жүрген жерінен алдырдық. Ал, команда капитаны етіп сол Түркістан облысы бойынша ат спорты мектебінің қызметкері Думан Зұлхарнайды сайладық.

Созақтың сәйгүліктері үшін сындарлы сағаттар еді



Ал енді, облыстық Ұлттық ат спорты мектебінің аға жаттықтырушысы Нұрхан Садуақасұлы мен ауылымыздың, аудандық ат спортының жанашыры Алматы Жұпанбайұлын команданың жетекшісі әрі жаттықтырушысы етіп алдық. Сондай-ақ, Мен, Мырзекең мен Бауыржан және Барын мен Қоқандар командамен қосылып жүріп отырдық. Міне, осы жұмыстардың бәріне 15 күндей уақыт кетті.

Тағы да командамыз облыстың атынан жарыс сәресіне шығатын болса да, жалпы, құрамы Созақ өлінен, жерінен жабықталғандықтан атауын «Теріскей» алуды бірауыздан жөн көрдік!

«Алматы, сені оқырмандарымызға команданың жетекшісі ретінде таныстырдық. Айтшы, сенің жетекші ретіндегі қызметің не еді және өзің қаншалықты осы команданың жанында жүрдің?»

«Алматы: Иә, жетекші ретіндегі менің ең басты жұмысым, команда жасақтау, марафонға қатысушы шабандоздар мен аттардың тиісті құжаттарын ұйымдастыру алқасына өткізу және командамыз Астанадағы сәресіден шығып, Түркістандағы мәрені кесіп өткенге дейінгі 1200 шақырымдық жобаның басы-қасында жүру еді. Сонымен, Әлиайдар ағамыз айтпақшы, 15 күндік дайындықтан соң командамызбен бірге жылқыларымызды арнайы (коневозка) жүк көлігіне тиеп, Астана қаласына жол тарттық. Осы жерде айта кеткен жөн, команданы жасақтауымызға, жарысқа қатысуымызға, сәресіден шығып, мәреге келгенге дейінгі аралықта бізге моральдық және материалдық қолдау көрсеткен аудан әкімі Мұхит Сексенбайұлы мен ол кісінің командасына және барша демеуші азаматтарға айтар алғысымыз шексіз. Айтқандай, команда жасақтап болған соң, «Ұлы Дала жорығы» жобасы бойынша Астанаға шығардан алдын ел болып, кеңес ас өткіздік. Асқа ауданымыздың ұлттық ат спортына жанашыр азаматтар келіп қатысты. Әйтеуір, әркім шама-шарқынша қаржысын беріп, дұғасын тілеп жатты. «Көп түкірсе көл» деп, сол демеуші азаматтарымыздың арқасында командамыз ешбір қиындық көрмеді десек болады. Әйтпесе, жарыстың ережесіне сай бәйге аттарының аяғына қағылуы тиіс бір тағаның құны 30 мың теңгені құрайды екен. Жалпы, тағадан бөлек бәйге аттарына қойылған талаптардың ішінде веткнижкасы болуы тиіс еді. Бұдан бөлек, жарысқа қатысушы командадағы аттардың саны 10 болуы керек және 600 шақырымнан соң оған дейін шауып келген 5 аттың орнына келесі 5 ат шығуы қажет еді. Егер, 600 шақырымға 4 атпен келсе 4 ат, 3 атпен келсе 3 ат қана ауыстыруға болады екен.

«Жалпы, ауылдан Астанаға қай күні шықтыңыздар және бәйгенің сәресі елорданың қай маңына қойылған екен? Бірсөзбен айтқанда, Жезқазғанға дейінгі 600 шақырымдық жол жайында әңгімелеп берсең, әрі қарайғысын Барынның ауызынан естийік!»

«Ауылдан қыркүйектің 13 күні шығып, екі күн жол жүріп, 15 күні Астанаға жеттік. Облыстан ат тиейтін екі көлік беріп, 10 атты түгел артып алған болатынбыз. Онда барған соң бір ипподромға түстік. Ертесіне мандатный комиссияға барып тіркелдік және келісім-шартқа отырдық. Келісім шарт демекші, командаларға мынадай талаптар қой-

ылды: Біріншіден, 600 шақырымға дейін ат ауыспайды. Тек, осы қашықтықты жүріп өткеннен соң ғана қалған 5 ат сәресіне шығады. Ал, шабандоздардың бесеуі де ауыспайды, екі атқа ауысып мініп, 1200 шақырымды толық шауып шығуы тиіс. Ал енді, шабандоз не ат ауырып әріқарай шабуға жарамай қалса, екеуі де жарыс жолынан шығады. Сонымен, көптен күткен күнде келіп, қыркүйектің 18 күні Астананың маңындағы Қорғалжың жерінен 19 команда 48 шабандоз бен ат сәресіден қозғалды. Жарыс ережесіне сай 5 шақырым шауып, 6 сағаттың ішінде мәреге келуіміз қажет. Егер, сол 6 сағаттан кешіккен ат болса, 1сағатқа айып жазылады. Яғни, бұл ат 2 сағаттық түскі үзілістен соңғы келесі 50 шақырымдық жолға өзгелерден 1 сағатқа кешігіп шығады. Сосын, әр 50 шақырым жүріп келген соң, аттар ветксерістен өтеді. Егер, ветмамандар жарысқа жарамды деп тапса, сол шабандоз бен ат әрі қарай шабады. Кешке келген соң да сондай жағдай орын алады. Егер, аттың жүрек қағысы секундтың 64-тен асса, араға уақыт салып, екі рет ветксеріске алып келуге болады. Үшіншісінде де 64-асса жарыс жолынан шығады. Ал, жүрек қағысы секундына 64-тен кем болса, жарысты жалғастырады. Бұдан бөлек, аттарды жарыс жолынан шығаратын тағы да екі себеп болды: Біріншісі, жарақат алып, аяғы ақсап қалса. Екіншісі, іші қатып (колик болса) қалса. Әу баста 19 команда, 95 ат жарысқа қатысқан болса, мәреге 4 команда, 18 ат кеп жетті.



Сөйтіп, Астанадан шыққан соң аттарымыз 600 шақырымдық жолды 6 күнде шауып өтіп, Жезқазған облысына келіп ат басын тіредік. Бірақ, біздің Түркістан облысының үлкен өкінішіне орай, Жезқазғаннан Қызылордаға қарай екінші 600 шақырымға біздің «Теріскей» командасы бар-болғаны 3 атпен шауып шықты.

«Иә, Алматының айтуымен біраз жәйтқа қанықтық. Ендігі жерде Барын Нұрша ұлын тыңдасақ. Барын (Бәден) сен бағана бір сөзіңде Астанаға қарай шықсам да жолда Жезқазғанда қалдым деп қалдың ба? Әлде, Астанадан сәресі шыққан марафоншылардың аяқ алы-

сын тамашалауға мүмкіндік болды ма?»

«Иә, дұрыс естідіңіз! Ә, дегенде мен де Әлиайдар, Бауыржан ағалармен және Еркін деген жігітпен бірге Жезқазғанда қалған едім. Бірақ, бір жағы команданы уайымдап жігітеріміздің жанынан табылып, жанкүйерлік танытайын дедім. Бір жағынан, аламан көрсе делбесі қозып тұратын қазақтың баласы емеспін бе, сәт тауып тұра алмадым. Негізінен, аттың жаманы болмайды. Бабы келсе, бағы жанса бәйгеден аттың бәрі келеді. Бұл жерде көп нәрсе командалық жұмысқа, дұрыс стратегия құра білуге байланысты. Мен де сол себепті жарысқа қатысып жатқан командаларды, шабандоздар мен бәйге аттарын жіті бақыладым. Сосын, жігіттермен байқаған-білгеніммен бөлістім. Бір байқағаным, ол жерде біздің аттарымызды ә, дегенде ешкім елемеді. Жалпы, жарыстың ережесіне сай әр 25 шақырымнан соң аттар ветксерістен өтіп, су ішіп алады екен. Мен негізінен Жезқазғаннан Түркістанға дейін мотоциклмен аттарға ілесіп отырдым. Айта кету керек, алғашқыда 5 атты Жезқазғандағы мәреге түгел әкелеміз деп алысып жүріп, Маңғыстау облысының командасынан бірнеше сағатқа ұтылып қалдық. Дегенмен, бұл бізге сабақ болды.

«Қалай ойлайсындар, Маңғыстау командасының марафонның жеңімпазы болатыны әу бастан байқалды ма?»

«Иә, солай болды! Ә, дегеннен-ақ, Маңғыстау, Жетісу мен Ақтөбе командаларының жеңімпаз болатыны көзге

ұрып тұрды. Олай дейтінім, біріншіден олардың ұйымшылдықтары мықты еді. Себебі, олардың бізге қарағанда тәжірибелері мол еді және оған дейін бұл командалар шетелдерге шығып, осы тақылтес марафондарға қатысып жүрген.

«Алматы, осы Ақтөбенің командасы да фаворит командалардың бірі еді ғой, олардың жарыс жолынан шығып қалуына не себеп болды?»

«Дұрыс айтасыз, Ақтөбе де жеңімпаздықтан үміткер команданың бірі еді. Дегенмен, олардың жеңіліс табуына біздің де септігіміз болды-ау. Өйткені, Арқаның жеріне аяқ басқаннан біз атта-

рымызды қамшылап, айдадық та отырдық. Содан бізбенен қалыспай шабамамыз деп олар аттарының аяғын ауырытып алды. Сызғанның тұсына келгенде олар небәрі екі атпен қалды. Мұны, Абай ауылындағы мәреге келгенде өздеріңіз де байқадыңыздар.

«Барын айтшы, алғашқы 600 шақырымды біздің аттарымыз қалай жүріп өтті? Оны сұрап отырғаным, біздің команданың өзге командаларға уақыт ұттырғаны сол алғашқы 600 шақырымдық марафон кезінде орын алды деген ақпарат алдық. Сосын, осы Астана мен Жезқазған арасындағы жолды «Теріскей» командасының аттары түгел шауып өтті ме, әлде...?»

«Иә, сол алғашқы 600 шақырымды біз өзгелерге есе жіберіп алдық. Үлкен өкінішімізге орай, ауы райынан болды ма, әлде тәжірибесіздігімізден болды ма, әйтеуір әрі уақыттан ұтылып әрі екі атымыздан айырылып мәре сызығын фавориттерден кеш кесіп өттік. Алайда, Арқа жеріне енген соң аттарымыздың екінші тынысы ашылғандай болды. Бәлкім, күннің ыстықтығы қандарын қыздырды ма, бәлкім, туған топырағымызға тұяқ серіпкендерін байқады ма? Әйтеуір кейінгі 600 шақырымдықты ерекше бір шабытпен шауып өтті ғой аттарымыз. Әсіресе, Созақ пен Түркістанның аралығындағы 120 шақырымды біздің аттарымыз тоқтамай шауып өтті. Нәтижесі де ортада, елімізде, тіпті, төрткүл дүниеде тұңғыш өтіп отырған 1200 шақырымдық марафонның жүлделі III орынын иелендік. Тек, сол соңғы 50 шақырымдықты, яғни, Ойық пен Түркістанның арасын біздің аттар жол бойында тұрған жол көрсетушілердің я кәсіпсіздігінен я жауапсыздығынан 15 шақырым артығымен жүріп келдік. Дегенмен, өкінгеннен не шара. Жаратқанның бұйыртықаны осы болған шығар!»

«Иә, «Ұлы Дала жорығы» жобасы аясында өткен бұл марафонның қалың қазақ, сырлы Созақ жұртының ғана емес, теледидар мен форумдан тамашалаған әлем жұртшылығының есінде, тарихтың қойнауында қалатыны хақ. Мен енді аудандық «Созақ үні» газетінің тілшісі ретінде жалпы Созақ спорты, оның ішінде ұлттық ат спорты жайында көп мақала жазып, сұхбаттар жасаған адаммын. Сол себепті де жақсы білемін, біздің Созақтың аттары талай республикалық, халықаралық жарыстарда ауданымыздың ғана емес, тұтастай Түркістан облысының намысын ұзақ жылдардан бері қорғап келеді. Әрине, осы ретте ауданымыздан шыққан ат баптап жүрген атбегілерімізбен және шабандоздарымызбен қалай мақтансақ та жарасады. Ал енді, мына мәшһүр марафон төрткүл дүниеге «Созақтың сәйгүлігі» деген брендті танытты. Ендеше, сөзімнің соңын әуелі сұхбатқа келіскен ат сүйер аға-інілеріме алғыс айтумен аяқтап, алдағы аламан-андарға толағай табыс тілейін. Кейін, осы бір киелі топырақта туып, шартарапқа танылып отырған Созақ сәйгүлігі жайлы энциклопедияда берілген анықтамамен аяқтайын деп шештім. Сонымен, «Созақтың сәйгүлігі» деп аталатын арғымақтың басты ерекшелігі-бір қалыпты шабады. Жақсылап баптаса, күндік жерге шабады және әсіресе аламанға жақсы. Бірақ, созақтықтар жүріктерді бәйгеге көп қоса бермейді, керісінше, осындай аламан жорықтарға дайындайды. Қазіргі таңда, 130-150 шақырымдық қашықтыққа арнайы бәйгелер де ұйымдастырылып, Созақтың аттары көптеп Республика чемпионы атануда. Негізінен, Созақтың сәйгүліктері осындай, «Ұлы Дала жорығы» сынды алман бәйгелерге ыңғайлы жылқы. Жалпы, Созақтың сәйгүліктің сипаты басы, ауызы, езуі мен көздері үлкен. Кеңсірігі жіңішке болып келеді. Селтиген теке танау. Көзі қызыл, өте асау әрі үркек және жал құйрығы қою. Мінезі тар, күйгелек. Қаз мойын, месқарын және жалпақ әрі жұқа тұяқты жануар. Сыртқы сымбаты сұлу, тірсегі тіктеу, күші алдыңғы аяқтарында. Мықыны кең, тұрқы ұзын, қабырғасы қысқа келеді! Міне ағайын, бұл- Созақ сәйгүлігі!

Данияр БЕК.

Созақ ауданының «Сызған» (қазіргі Қ.Рүстемов атындағы) мектебінде директор қызметінде жүргенде жеңгеміз Зағипа Тұрсынқызымен таныстығымыз басталды. Ерекше талант иесі, өмірден ерте кеткен ақын ағамыз Жеңіс Қарғабаевтың жары Зағипа жеңгеміз екі ұлы Мақсат пен Жомартты мәпелеп, тәрбиелеп, аналық махаббатын аямаған аяулы жан, ұлағатты ұстаз ретінде сыйластығым өте жоғары. Себебі, тәрбиелеген екі ұлы да ел үшін еңбек еткен білімді азамат болып өсті. Кейде жеңгемізге әзілдеп «ағамызға қайсысы көбірек тартқан» дегеніміз де «екеуі де әкесіне тартқан, дегенмен Мақсат ақындығын алғандай, ал Жомарт жас күнінен Шоқанға еліктеп саяхатшы болам, әскери адам болам дегенді көп айтып, өсе келе Шоқан еңбектеріне қызығушылық танытқандай» деді, ана жүрегі, сүйіспеншілігі егіз қозыдай екеуіне бірдей,



Жабал ШОЙЫНБЕТ,
Абай атындағы ҚазҰПУ
«Хәкім Абай» ғылыми-зерттеу
орталығының директоры.

ген.
«Түркі дүниетанымы мен мемлекеттілік: тарихи сабақтастық пен трансформация (VI-XIII ғ.ғ.)» атты монографиясында ата бабаларымыздың дүниетанымдық жүйесінің сабақтастығы мәселесі қарастырылады.

Халықтардың бүкіл тарихы олардың өмірлерінің барлық салаларына әсер еткен дінмен тығыз байланысты. Қоғамдық психологияда дінге ұлттық құндылықтарды мәңгілікке сақтаушы ретінде діни және ұлттық қатынастардың тұтастығы туралы түсінік қалыптасқан. Ұлттың ғасырлар бойы жасаған мәдени жетістіктері дінмен тығыз байланысты. Міне сондықтан да ұсынылып отырған зерттеудің ұлттық құндылықтарды түгендеуге ұмтылып жатқан қазіргі кезеңде жас ұрпақтың ұлттық құндылықтардың сақталуын-

дың қарсылығын да тудыруы мүмкін. Өйткені, Жетінші Елдің, яғни, Қазақ Елінің күшеюі, қазақтың еңсесінің көтерілуі, даму мен бірігу үдерісі, елдегі жемқорлық пен азғындықтың жойылуымен, Ресей, Қытай сияқты қазақ халқымен мың жылдық тарих бойында түрлі қатынаста болған елдердің әлсіреумен, немесе біздің Елдің осы империялармен терезесі тең болуымен қатар келеді.

Бұл кітаптағы әрбір сөз әр қазақтың санасын шарлаған, көкейін тескен, айтар сөзі.

Ж.Жеңіс оқытушылық-ғылыми жұмыстардан өзге институттың қоғамдық жұмысына да белсене араласады. Республикалық газет-журналдарға, әлеуметтік желілерге ғылыми-көпшілік, қазіргі қоғамның көкейтесті мәселелері турасында мақалалар жазып тұрады.

2005 жылы республикалық «Ақ

Шоқанның ізбасары

түсінеміз!! Дегенмен ата-ана балаға сыншы емес пе?, Жомарттың өмір жолына көз жібергенде анық байқадым, себебі елден шыққан ғылым-білімде, өнерде оза шыққан ізбасарлардың игілікті істеріне қуану, өзге енеге етіп айтып отыру ежелгі әдетіміз. Жеңіс Жомарт Жеңісұлы – 1972 жылы Түркістан облысы, Созақ ауданы, Шаға ауылында дүниеге келіп, 1988 жылы Сызған ауылындағы Фани Мұратбаев атындағы орта мектепті бітірген соң өскен ауылында жұмыс істеп, 1990 жылы Әл-Фараби атындағы Қазақ мемлекеттік университетіне оқуға қабылданып, оны 1995 жылы «шығыстанушы-тарихшы», «парсы тілінің аудармашысы» мамандығымен бітірген.

Жомарттың қызметі ғылыми, әскери және дипломатиялық саланы қамтиды. Әскери қызметіне келсек, университетті бітірген соң жаңадан құрылып жатқан Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрлігіне әскери қызметке шақырылып, 2015 жылға дейін абыройлы қызмет етіп, полковник шенінде зейнетке шықты. 2009 жылы Елбасы атындағы Ұлттық қорғаныс университетін «әскери-әкімшілік басқару» мамандығы бойынша бітірді. Әскери қызметі кезінде біршама шет елдерде қызмет етті.

Ғылыми-педагогикалық қызметіне келсек, Ж. Жеңіс ҚР ҰҒА шығыстану институтында ғылыми қызметкер, «Алаш» университетінде аға ғылыми қызметкер болып бастады.

1993-1994 жылдары, 1999-2001 жылдары Тегеран университетінде оқыды. Бірнеше мәрте ғылыми іс-сапармен ұзақ мерзімге Иран Ислам Республикасындағы Тегеран, Шахид

Бехешти университеттерінде болып, ұлтымыздың тарихына қатысты деректер жинап, Астана қаласындағы «Отырар кітапханасына» сирек қолжазбаларды тапсырды.

Ж.Жеңіс Қожа Ахмет Яссауи атындағы халықаралық қазақ-түрік университетінде аға, жетекші ғылыми қызметкер болып қызмет атқарды. 2011-2014 жылдар аралығында «Түркі академиясы» АҚ ғылыми жобаларымен жұмыс істеді. 2015 жылдан 2017 жылға дейін Ш. Уәлиханов ат. ТЭИ-да жетекші ғылыми қызметкер болып қызмет атқарды.

Ол «Ортағасырлық Тұран мен ирандықтар», «Түркі дүниетанымы мен мемлекеттілік», «Жетінші Ел» атты монографиялардың, «Түркі халықтарының тарихы», «Түркі тұлғалары», «Мәңгілік ел идеясы» атты жинақтарға қосымша автор және жүзден аса ғылыми мақалалардың авторы.

«Ежелгі және ортағасырлардағы Тұран мен Иран» атты еңбегінде Ислам өркениетіндегі түркілік мәдениеттің айқын қолтаңбасын, орта ғасырлардағы ислам әлеміндегі діни-мәдени ахуалдың Орталық Азиядағы түркі тайпаларының өнуі мен өзгеруі тақырыбы түркілердің дүниетанымы мен наным-сенімдері негізінде кең көлемде арнайы ғылыми зерттеудің нысаны болды. Ислам өркениетіне түркілердің өз үлесін қосып, ислам әлеміндегі оқиғаларға түркі-көшпенділердің белсене араласуы тек әлеуметтік-саяси себептермен ғана шектелмей, бұл құбылыстың заңдылықтары түркілердің төл мәдениеті және дүниетанымы мен байланыстары жан-жақты зерттел-



да діннің маңызын жете түсініп, оны тарихи тұрғыда зерделей білуі үшін маңызды.

«Жетінші Ел» атты еңбегінде Жаңа Қазақстанның тарихи негізіндегі жаңа ұлттық мемлекеттік идеологиясының негізін баяндайды.

Жомарт Жеңісұлының жасаған идеологиялық жобасы ең алдымен қазақ бірлігі үшін керек. Бұрынғы коммунистік жүйені аңсайтындардың, космополиттердің, радикалды діни ағымдағылардың, жемқорлар мен ұйымдасқан қылмыстық топ мүшелерінің мүдделері үшін Жетінші Елдің мұраттары қайшы келіп, олар-

жол» партиясының ең үздік ғылыми мақалаларға жариялаған жүлдесін, 2017 жылы Қазақстан Жоғарғы оқу орындары Қауымдастығының «Үздік тарихи зерттеу авторы» атағын жеңіп алды.

Дипломатиялық қызметіне келсек, 2017-2020 жылдар аралығында Қазақстан Республикасының Ирандағы Елшісінің экономикалық мәселелері бойынша штаттан тыс көмекшісі қызметін атқарып, елімізге шет елдік инвесторларды тарту бойынша көп еңбек етті. Осы қызметі кезінде ауданымызға бір топ ирандық инвесторларды алып келіп, туған жер алдындағы парызын да ұмытпағаны есімізде.

Жомарт Жеңісұлы қазіргі кезде Шоқан Уәлиханов атындағы тарих және этнология институтында жетекші қызметкер. Қазіргі таңда Мемлекеттік Хатшының жетекшілігімен дайындалып жатқан «Ежелгі заманнан қазірге дейінгі Қазақстанның 7 томдық тарихы» академиялық басылымы Жобасының, тағы да басқа ондаған жобалардың мүшесі.

Жомарттың тағы бір қыры Созақ ауданынан шыққан түлектерді, оның ішінде әрине ауыл жастарының жұмысқа орналасуына, оқуға түсуіне қол ұшын созуы, түрлі қайырымды шаралардың ортасынан табылуы үлкен азаматтық іс.

Өз ғұмырына Шоқанды үлгі етіп алған тәжірибесіз ғалым-ұстаз Жомарт Жеңісұлына ердің жасы елуге толуына байланысты, оған шығармашылық табыс, ғылыми ізденістер және денсаулық тілейміз.

Жақында осы Алматы қаласында тұратын жақсы араласатын дос келіншектер Күлшат пен Үріш хабарласып, Сүлейменов Лесбек ағаң қонаққа шақырып жатыр. Бізге сені арнайы шақыруды тапсырған еді деді. Күлшатта, Үріште Созақтың қыздары жолдастары созақтықтар. Сүлейменов Ілесбек ағамыз жолдасы Асарбаева Мейіркүл менімен бір мектепте В.И. Ленин атындағы мектепте бірге оқығанбыз. Менің әкемнің шәкірттері. Анда санда жиындарда кездесіп қалатынбыз. Бұл жолы бір бірімізді қатты сағынып қалған екенбіз. Бізді Лесбек ағамыз үлкен шарбақты зәулім үйдің кең ауласында. Үй егесі үйдің айналасы түрлі-түсті гүлдермен, баушарбақты жеміс-жидекпен көмкерілген кең аулада күтіп алды. Мейіркүл екеуіміз алпыс жылдан кейін кездесіп отыр екенбіз. Жастық шағымызды еске түсіріп бір жасап қалғандай болдық. Мейіркүл

Өткен күннен бір белгі

Ескі достар, есті достар

менен екі жас үлкен болса да өзінің мейірімділігін маған деген сағынышын айтып, таусалмай, мәре-әре болдық. Он бір жылдықты бітірер кезде Асарбай көкемнің соңғы қоңырауға әкеліп сойған қойын қызының қызықшылығына ортақ болған ұстаздарды, біраз естеліктерді еске түсірдік. Мейіркүлдің жүріс-тұрысы сөйлеген сөзі, кішіге үлгі, үлкенге ізеті барлығы көз алдымызда кино лентасыдай өтіп жатты. Әсіресе аяғындағы қызыл етігі, ақ бантик, қоңыр көйлек, ақ фартук шіркін оқушылық кезең хош сонымен үйге кіргенде Лесбек ағамның ұл-қыздары, немерелері қуана қарсы алды. Әсіресе Шамшат қызым апашымның досы келді деп қуана



қарсы алды. Құшақтап біріміздің бірімізге деген мейірімділігіміз арта түскендей болды. Шамшат қыз 4 сыныпта оқиды екен. Ұлы мектепте екен. Сіздерді көріп қуанып қалатын болды деп ақ жарқын, ақ пейілділігін көрсетіп жатыр. Бұл да болса, Шамшаттың ата анадан алған

тәрбиесі ғой. Ағамыз алдағы жылы 80 жасқа толса, Мейіркүл жеңгеміз 78 жасқа толады екен. Екеуінің бір біріне сыйластығы, қамқорлығы, сөз саптауы, жүріс-тұрысы маған қатты әсер етті. Ағамыз 80 жастағы қарияға ұқсамайды, әлі жас көрінеді. Отбасында ғана емес халықтың да,

қоғамның да тағдыры әйелге байланысты, отбасындағы жылуға бірлікпен берекеге ешнәрсе жетпейді. Өмірлік тәжірибе көрсетіп отырғандай өз ошағының отын сөндірмеуге асқан төзімділікпен бірге ана сүтімен бойға сіңген өнегенің, тәлім мен ізгіліктің әсері ауқымды. Өйткені от бар жерде өмір бар, жаңа жайлы жылу мен береке бар. Менің түйгенім: Лесбек ағамыз көкірегі даңғыл, ескі мен жаңаны бірдей білетін білімді адам. Ел мен жердің тарихын, тағдырын ойлайтын, соған сай әрекет ететін көкірегі дария көреген адам. Мейіркүл жеңгем болса, өмірден көрген түйгені бар, ата-ананың тәрбиесін алған, қимылы ширақ әбжіл жан болып көрінеді. Бізді Шамшат қыз көлікке дейін шығарып салды. Біз бірімізді қимай - қимай қоштастық. Бір кем дүние-ай.

Зағипа ТҰРСЫНҚЫЗЫ,
Алматы қаласы.

Табиғатты қорғайық!

Айналамыздағы орман тоғай, аң-құс қашанда жер ананың сәнін беріп тұрады. Десеңге, адамдар тарапынан жіберіліп отырған олқылықтар ашкөздеңе жер байлығы сексеуілді есепсіз сындыру, аң-құсты атып құрту, өрт тудыру сынды табиғат байлықтарының өртке орануы адам қолынан жасалып отырған қылмыс демесеке лажымыз жоқ. Кенеттен болған өрт аң-құсты қыру, сексеуіл қарабарқын сынды табиғат байлықтары болашағымызға жасалған қиянатымыз. Мұның артында экологиялық проблемалардың тұрғаны барлығымызға белгілі. Жер планетасының ғасырлар бойы барлық жануарлар дүниесі адамзат баласы үшін тіршілік негізі – таза ауа екені баршамамызға белгілі. Ол тек өсімдіктер дүниесінен бөлініп шығатын оттегі. Ал табиғаттың өзі берген орман, оттегінің көзі екені де рас. Ендеше ауданымыздағы мол байлық орманды жерлерді сақтап, ондағы өсіп-өніп отырған аңдардың қадір-қасиетіне жету сіз бен біздің борышымыз. Бүкіл аудан тұрғындары қоршаған ортаның экологиялық тазалығына, орманды жерлерді өсіп, өніуіне қарсы қауіпсіздік шараларын сақтасақ, аң-құстарды аялап ұстасақ, табиғатқа бір мезгіл көңіл бөлсек, ағаш шыбықтарын отырғызсақ, өзіміздің Жер-Анамыздың алдындағы үлкен парыздың орындалғаны болар еді.

Ауданымыздағы табиғатты қорғау және күзету бағытында жұмыс жасайтын мекемелердің бірі – «Созақ орман және жануарлар әлемін қорғау жөніндегі мемлекеттік мекемесі». Жергілікті табиғатымыздың флорасы мен фаунасын қорғау мен күзетуді жоғары қоятын бұл мекеме қызметкерлері бүгінгі күні тынбай еңбек етуде. Орманшы жігіттер жоспар бойынша тыңғылықты жұмыстар атқарып келеді.

Қанат ЕРШАЕВ,
Созақ орман және жануарлар әлемін қорғау жөніндегі КММ нің мойынқұм орманшылығының орман күзетші-қорықшысы.

Хабарландыру!

ҚР ДСМ СЭБК «Ұлттық сараптама орталығы» ШЖҚ РМК Түркістан облысы бойынша филиалы Созақ аудандық бөлімшесі Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 18 қарашадағы №410-V «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» Заң талаптарының орындалуын бақылау мақсатында, Созақ ауданы, Шолаққорған ауылы, С.Қожанов көшесі №15 мекен жайында, 2022 жылдың қазан айының 17 жұлдызында «Ашық есік күні» өтетіндігі туралы хабарлаймыз.

Бөлімше бастығы А.КУЛМЕНОВ.

СЕНІМ ТЕЛЕФОНЫ

Қазақстан Республикасы Президентінің 2015 жылғы 29 желтоқсандағы №153 «Қазақстан Республикасының мемлекеттік қызметшілерінің әдептілік нормаларын және мінез құлық қағидаларын одан әрі жетілдіру жөніндегі шаралар туралы» Жарлығымен бекітілген Қазақстан Республикасының мемлекеттік қызметшілерінің «Әдеп» кодексінің мемлекеттік қызмет этикасы мен Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 18 қарашадағы №410-V «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» Заң талаптарының орындалуын бақылау мақсатында, ҚР ДСМ СЭБК «Ұлттық сараптама орталығы» ШЖҚ РМК Түркістан облысы бойынша филиалы Созақ аудандық бөлімшесі 8 (725-46) - 4 - 26 - 74 сенім телефоны арқылы жеке және заңды тұлға өкілдерінің хабарламалары қабылданады.

Созақ аудандық бөлімшесінің «Сенім телефонына» түскен барлық хабарламалар тіркеледі және жауаптар беріледі.

Бөлімше бастығы А.КУЛМЕНОВ.

Жарамсыз деп танылсын

Азибаев Кудратжон Раушанхановичтің иелігіндегі 2014 жылы шығарылған «Chevrolet Cruze» маркалы автокөлігінің KZ 027 OPB/13 санды мемлекеттік тіркеу белгісінің 2 данасы да жоғалған. Жарамсыз деп танылсын.

Жатқан жерің жайлы болсын анажан



Шолаққорған ауылының тұрғыны, ардақты әже, асыл жан, аяулы анамыз **Түсенқызы Күлшахардың** дүниеден өткеніне жылдың жүзі болып қалды. Асыл анамыздың жарқын бейнесін сағынышпен еске аламыз.

Асыл ана, бәйітерегің саялы, Ұл-қызыңа, немереңе құшағын кім жаяды?! Сіз кеткелі жылдың жүзі болса да,

Маңдайдағы алақаның аялы.

Жатқан жерің жайлы болсын анажан,

Бұл өмірдің тіұрлауы жоқ, баяны, - деп, анамыз Күлшахар Түсенқызының рухына бағыштап жылдық асын өткізетіндігімізді барша ағайын-туыс, құда-жекжат, анамыздың көзін көрген жандардың есіне саламыз. Ас – 16 қазан күні (15 қазан – қонақ асы сағат 18:00-де) Шолаққорған ауылы, Абай көшесіндегі өз шаңырағында беріледі.

Асқа шақырушылар: Елеусізовтер әулеті.

ХАБАРЛАНДЫРУ

«КАТКО» БК» ЖШС Қазақстан Республикасы Экологиялық кодексінің 73-бабының талаптарына сәйкес 2022 жылдың 30 қараша сағат 15.00-де Түркістан облысы, Созақ ауданы, Шолаққорған а.о., Шолаққорған ауылы, Жібек-жолы көшесі бойында номері 16 әкімдік ғимаратындағы мәжіліс залында, «КАТКО» БК» ЖШС атмосфераға ластануы заттардың шекті рұқсат етілген шығарындыларының (ШШҚ) жобасы бойынша ашық жиылыстың қорғамдық тыңдау өтетінін хабарлайды, сонымен қатар, ZOOM бағдарламасының бейнеконференц байланысына қосылу мүмкіндігі бар. Тыңдауларға қатысу үшін сілтеме бойынша өту қажет: <https://zoom.us/j/6165408596?pwd=a1o0a3ROUGROYm1xZDZtbXJnTkNRUT09>

Қосылу деректерін 8701-720-71-40 нөмері бойынша ақпарат алуға болады

Қатысушыларды тіркеу жеке басын куәландыратын құжатты көрсеткен кезде жүргізіледі.

Тапсырыс беруші: «КАТКО» ҚАЗАҚСТАН-ФРАНЦИЯЛЫҚ БІРЛЕСКЕН КӘСІПШІЛІГІ» ЖАУАПҚЕРШІЛІГІ ШЕКТЕУЛІ СЕРІКТЕСТІГІ Заңды және пошталық мекенжайы Қазақстан Республикасы, Түркістан облысы Созақ ауданы, Тасты ауылы 060,44 ғимарат; БСН981040001439

Әзірлеуші: «ЭКО Консалтинг» ЖШС; БСН 030640003902

Мекен-жайы: 050009, Алматы қаласы, Абай даңғылы 143/93 үй, «4Б» ғ, тел / факс 8(727)2696742.

Жергілікті атқарушы орган: «Түркістан облысының табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасы» ММ.

Жобалық құжаттама пакетімен бірыңғай экологиялық порталда танысуға болады. Барлық ескертулер және / немесе ұсыныстар бірыңғай экологиялық порталда, сондай-ақ электрондық поштада қорғамдық тыңдаулар өткізілетін күнге дейін 3 жұмыс күнінен кешіктірмей қабылданады: MARINA.BURANOVA@AREVA.COM, EcoDeuse@yandex.ru

ОБЪЯВЛЕНИЕ

ТОО СП«КАТКО», в соответствии с требованиями статьи 73 Экологического кодекса РК, сообщает, что в 15:00 часов 30 ноября 2022 года по адресу: Туркестанская область, Сузакский район, Шолаккорганский с.о., с.Шолаккорган в конференц зале в здании акимата, по улице Жібек-жолы 16 состоятся общественные слушания в форме открытого собрания по проекту: Проект нормативов допустимых выбросов (НДВ) загрязняющих веществ в атмосферу ТОО СП«КАТКО», а так же есть возможность подключения к видеоконференцсвязи через программы Zoom. Для участия в слушаниях необходимо прийти по ссылке: <https://zoom.us/j/6165408596?pwd=a1o0a3ROUGROYm1xZDZtbXJnTkNRUT09>

Данные по подключению можно получить по номеру 8701-720-71-40

Регистрация участников ведется при предъявлении документа, удостоверяющего личность.

Заказчик: ТОВАРИЩЕСТВО С ОГРАНИЧЕННОЙ ОТВЕТСТВЕННОСТЬЮ «КАЗАХСТАНСКО-ФРАНЦУЗСКОЕ СОВМЕСТНОЕ ПРЕДПРИЯТИЕ «КАТКО»

Юридический и почтовый адрес: Республика Казахстан, Туркестанская область, Сузакский район, Тастинский с.о., с.Тасты, квартал 060, дом 44; БИН: 981040001439

Разработчик: ТОО «ЭКО Консалтинг»; БИН 030640003902

Адрес 050009 г. Алматы, пр. Абая 143/93, пом. «4Б», тел/факс 8(727)2696742.

Местный исполнительный орган: ГУ «Управление природных ресурсов и регулирования природопользования Туркестанской области».

С пакетом проектной документации можно ознакомиться на Едином экологическом портале.

Все замечания и/или предложения принимаются в срок не позднее 3 рабочих дней до даты проведения общественных слушаний на Едином экологическом портале, а также электронную почту: MARINA.BURANOVA@AREVA.COM, EcoDeuse@yandex.ru

Орман өртіне жол бермейік!

Көптеген адамдар өртті өздеріне қатысы жоқ немесе олардың кесірінен болмайтын нәрсе деп қарастырады. Алайда, өрт жағдайларының жартысынан астамына адам факторы отты пайдаланудағы бейқамдық пен абайсыздық себеп болып жатады. Сондықтан өрт қауіпсіздігінің қарапайым ережелерін барлығы білуі тиіс. Адамдар көп шоғырланған жерлерде өрт шығу қаупі бар.

Орман өрттері құрғақ ауа райы мен жел кездерінде айтарлықтай үлкен территорияға таралып кетеді. Ыстық ауа райы кездерінде, егер жауын шашын болмаса ормандар құрғап, кез – келген абайсыз жанған оттың әсерінен өрт тез таралып кетуі мүмкін. Өрттің қай жерден және қашан шығуын болжау мүмкін емес.

Орман өртінің пайда болуына көбіне адамдар кінәлі. Ол көбіне орманда өртке қарсы ережелерді білмеуінен немесе білсе де өртке қарсы ережелерді сақтамауынан, орманға келіп демалушылардан өшірілмей қалған от алаулары, сөндірілмеген темекі қалдығынан болады. Осының салдарынан құрап тұрған шөп тұтанып, үлкен өртке айналады. Егер орманшылар немесе өрт сөндірушілер тез шара қолданып, өшірмесе біраз орман жерін алып кету қаупі бар.

Сондықтан әрқайсысымыз өрт қауіпсіздігін сақтап, сөндірілмеген темекі қалдығын, жағылған сіріңкені тастамай, от алауын өшіріп, отырған жерімізді тазалап, орман өртіне жол бермей, өрттен қорғап жүрейік, ағайын!

Орынбасар ҚАЛДАУЛЕТ,
Созақ орман және жануарлар әлемін қорғау жөніндегі мемлекеттік мекемесінің орман шебері.

Келешек ұрпақтар үшін

Өзендер мен тоғандар, көлеңкелі тоғайлар кең даланың қайталанбайтын көркі кімді болса да қызықтыратыны сөзсіз. Табиғатта тамақ пісіріп, құлап дайындап, тіпті түнгі қараңғылықта жанған оттың бойында өткіземіз. Өрт шалған орман, тоғайдың қайтадан қалпына келуіне ондаған жылдар керек, көптеген жылдар бойы адамдар табиғатты қорғаумен айналысып келеді. Бірақ, бір күнгі қызыққа бола адамдардың жеңілтек мінезін, туған табиғатқа немқұрайлықпен қарау салдарынан көптеген орман тоғайлар өртке шалдығып, күлге айналып кете барады. Өрт тілсіз жау. Біздің жеріміздің шөбі қалың, ауаның құрғақтығынан өрт тез таралады.

Әсіресе, орман-тоғайда өрттің шығуы жиі кездеседі. Жаз шығып, күн ысы бастағанда, қыстай қар астында жатқан құраған шөптер орман-тоғайға өрт қауіптілігін туғызады.

Орманда сөнбеген шырпыны, темекі қалдығын тағы басқа тез тұтанатын заттарды тастауға болмайды. Ауылдан шығарған күл-қоқыстарды ормандардың жанына апарып өртеуге болмайды.

Табиғатты қорғаңыздар. Туған жердің табиғатына сапалық танытып, немқұрайлықпен қарағандар орны толмас шығын әкеледі. Бұл туралы бәріміз білеміз, бірақ әркімнің көңілінде сақтала бермейді. Өрт тілсіз жау екендігін тағыда ескертеміз, сақ болыңыздар.

Болат ШЕРИЯЗДАНОВ,
Созақ орман және жануарлар әлемін қорғау жөніндегі мемлекеттік мекемесінің орман күзетші-қорықшысы.

Жасыл желек-жанға сая

Еліміз – орман-тоғайы аз мемлекеттер қатарына жатады. Деректерге сүйенетін болсақ, орман еліміз аумағының 4 пайыздан сәл ғана астам жерін алып жатыр. Дегенмен, соған қарамастан, еліміздің қай өңірін болсын жасыл желекке бөлеп, орман алқаптарын кеңейту – мемлекетіміз басымдық беріп отырған бағыттардың бірі. Ал ондағы өсімдіктер мен орманды, аңдарды қорғау әрбір Қазақстан Республикасы азаматының міндеті.

Жалпы, орманды жерлердегі өрт қауіпі сәуір қараша айының аралығында өте қауіпті. Себебі, күннің шамадан тыс ыстық болуы, өсімдіктердің қурауы, өрт қауіпсіздігі талаптарының сақталмауының соңы алапат өртке ұрындырады. Бұл өз кезегінде табиғат анаға залал келтіріп, ондағы өсімдіктердің, аң құстардың жоюлуына алып келеді. Бүгінде орманды жерлердегі өрттің алдын-алу, ондағы аң құстарды аялап, браконьерлерден қорғау ауданында аудандық орман және жануарлар әлемін қорғау жөніндегі мемлекеттік мекемесі қызметкерлері тиісті шараларды атқарып келеді.

Адам денсаулығы көбіне қоршаған ортадағы экологиялық ахуалға байланысты. Ал, оны жақсартатын жасыл желек екені даусыз. Орманшы қауымының басым бөлігі ауылдарда тұрғанымен жұмыс орындары тау қойнауында, орман мен өзен бойында, көл жағалауында болатыны заңдылық.

Нақып МҰҚЫМБЕКОВ,
Созақ орман және жануарлар әлемін қорғау жөніндегі мемлекеттік мекемесінің орман шебері.

«Пай, пай! Киелі неткен жер, батырлар дүрлдеп өткен жер. Тұлпарлап дүбірлеп төккен тер, бас имей бұл жерге өтпендер» деген екен ақиық ақын Мұқағали Мақатаев. «Туған жердің түтіні де тәтті» деген халық даналығы бар. Қарт Қаратаудың теріскей бетіндегі Созақ өңірінің тарихы аса бай. Қысы қатты, жазы ыстық бұл өлкенің өзіне тән мінезі бар. Қойнауы қазынаға толы осы жерді атабабаларымыз көзінің қарашығындай қорғап келді. Халқымыз небір зұлмат кезеңдерді бастан өткізген. Ең жойқын шапқыншылық «Ақтабан шұбырынды, алқакөл сұлама» деген аптен тарих бетінде орын алды. «Елімай» жырындағы: Қаратаудың басынан көш келеді, Көшкен сайын бір тайлақ бос келеді. Ел жұртынан айрылған жаман екен, Екі көзден мөлтілдеп жас келеді, деген зарлы да мұңды қара өлеңде



бар әкелдім», деп мұрнын шүйіреді ғой. Айтқандай Пәзекең жарықтықтың сандығында небір кәстем шалбар болған дейді. Астары атласпен тысталған ондай қымбат киімдерін көрегенің басына астары көрінетіндей етіп іліп қояды екен. Малшы ауылда киіз үйде отырып, Одақтан шығатын «Правда», «Известия», «Огонек» сияқты беделді газет – журналдарды жаздырып алып оқыған көзі ашық адам болған. Қозы алудан жылдық көрсеткіште оза шауып, алғашқы шыққан аспан көк «Москвич – 412» көлігін иемденген. Ауылда оның көлікті әкелгендегі жырын майын тамыза әңгімелейді. «Тәртіпке бағынған құл болмайды» депті батыр Баукең–Бауыржан Момышұлы. Өзі де қан майданда қатаң тәртіп жүргізген. Сол арқылы даңқы жер жарып тұрған. Ерлігі әлі күнге аңыз болып айтылады.

Қаратаудың қайнар көздері

еліміздің бастан өткізген қилы тарихы елес береді.

Дүниені түгел шарлап, айналаны ой елегінен өткізген бабаларымыз жер бедерін өте дәлдікпен бейнелі атаған.

Батырлық жырдағы: Хан жайлаған Қаратау, Би жайлаған Алатау, Түйе мойын иір тау, Қыз емшекті сүйір тау-, деген жолдар да осы ойға меңзейді.

Қаратаудың биік шыңдарының біріндегі тас боп қатып қалған түйелі керуен Келіншеқтаудың да сыры тереңде жатыр. Тойымсыз, қанағатсыздықтың түбі жақсылыққа соқпайтынын эпсана аңыз астарлы ишарамен жеткізген.

«Алланың құдіретін білгің келсе, тауға бар» деген. Қаратаудың бауырынан жарып шыққан сансыз бұлақтар сылдырай ағып өңіске түседі. Еріген қар суымен қосылып, өзен көлге айналады. Қаратаудың қойнауы малға жайлы, шаруаға қоныс. Шатқал толы жеміс-жидек, тобылғылы тоғай. Аң- құстары да жетіп артылады. Осындай құйқалы жерді ата-бабаларымыз ертеден иемденіп, ұрпақ өрбіткен, мал өсірген. Төңкеріске дейін де сай саланың шөбін орып, өңіске егіс еккен. Сол кездердің жұрнағы ретінде әлі күнге дейін Мұсаның бауы, Пәленшенің қауындығы деген белгі сілемдер әлі күнге көненің куәсіндей менмұндалап тұр.

XIX ғасырдың елуінші жылдары ағылшындар Жезқазғанға дейін барып, жүз метрлік жылжымалы темір жол соққан. Мыс, алтын өндіріп, Каспий, Иран, Индия, Ресейге Жібек Жолы бойымен тауар тасыған. Кейін патшалық Ресейдегі революциялық толқулардан шошып, бұл өндірістер тоқтаған.

Күмістің де сонау патша заманынан алтын, күміс өндіріліп келген. Көнекөз қариялардың айтуынша, осындағы Мыңшұқыр деп аталып кеткен ойдым-ойдым жерлерден ертеде ағылшын алпауыттары шахта қазып, алтын-күміс өндіріп, өзен суына шайқап, оңай жолмен жер бетінің қыртысынан да кен ашқан. Ол байлықты түйеге теңдеп, жөнелтіп отырған. Бүгінде де осы Күмісті өзенінің сағасынан әлі де алтын, күмістен өзге еліміздің қорғаныс қуатына аса қажет түрлі элементтерден тұратын кен байлықтары

өндіріліп келеді.

Осы шағын өзеннің бойын сағалап ертеден ел қоныстанған. Кешегі өткен ғасырдың отызыншы жылдары Созақ ауданы құрылып, бірнеше колхоз құрылған сәттерде Күмісті өзені бойынан да үлкен колхоз бой көтерген. Елді біріктіріп, қым-қуыт тіршілік кешкен.

Қаратаудың керім самалы. Жаңа қоныс.

Өткен ғасырдың 60 жылдары аудан көлемінде іріленген қой совхоздары құрылды. Соның бірі 1962 жылы Бақырлы өзенінің бойындағы ескі қауындықтың орнына шаңырақ көтерген «Қаратау» совхозы. Ол жер бұрынғы бабаларымыз Нарыш, Иманбай байлардың қауын екен жері екен Қоныс орнын белгілеуде тоқсаннан асып дүние салған Әбдімәлік ақсақалдың көрсетуімен сол жер ұйғарылған дейді..

Одақ көлемінен осы құрылысқа түрлі ұлт өкілдері неміс, орыс, өзбек, корей, осетин, шешен т.б. тау халықтарынан құрылған құрылысшы, түрлі саладағы мамандар ағылыпты. Алғашқыда ашық алаңдарға палаткалар тігіліп, ақшаңқан үйлер тез арада бой түзеген. Мектеп, мәдениет ошақтары, кеңсе, интернат, кітапхана, балабақша, монша, аурухана, машина, трактор станциясы, дүкен т.б. әлеуметтік нысандар алдыңғы кезекте бітеді, дейді сол кездегі парторг қызметін атқарған Қансейіт Түймебаев (кезінде Білім мен ғылым министрі Жансейіт Түймебаевтің әкесі). Алғашқы совхоз директоры марқұм Балтабай Әбдіраманов аса білгір басшы еді деп еске алады ақсақал. Балтекең екен көшеттен өскен бау кешегі кезге дейін жеміс беріп келген. Дәмі тіл үйіпер алуан сортты алмалар біздің таңдайымызда дәмі қалған. Совхоз құрамында үш ферма ұйымдасқан. Олар–Сарыжаз өзені бойындағы елдімекен, Тасбұлақ, Ақсүмбе қыстағы.

Совхоздың тез аралықта өркен жаюына шопандардың үлесі зор. Қаракөл елтірісінің сол кездегі құндылығының арқасында жаңадан шаруашылықтар бой көтеріп, біздің ауылдың өзінен осы салада талай майталман шопандар мемлекеттік

нағрадалар алған

Алғашқылары болып Мырзалиев Пәзен ақсақал қаракөл қойының санын арттырып, төл алудан аудан көлемінде алдына қара салмаған айтулы шопан болған. Ол кісі жайында елдегі кісілер асқан ілтипатпен «Біздің Пәзекең» деп өзімініп сөйлейді. Партия қатарындағы Пәзекеңнің төл алудағы көрсеткіші тәуір боп, тасы өрге домалап тұрған тұста сол кездегі Одақтың жүрегі Мәскеуге жол тартады. Қызыл алаң, Ленин мавзолейі, Халық шаруашылығы жетістіктерінің көрмесі (ВДНХ) дейсіз бе–бәрін көзбен көріп, көңілге тоқып армансыз шарлайды ғой. Елге келгесін майын тамызып айтады. Әкелген базарлығының өзі неге тұрады дейсіз. Кілең қат тауарлар. Көпке дейін жұрттың аузында жүреді. Пәзекеңнің ізін қуып, өзінен бастап Ленин орденді озат шопандар саны артады. Ақсүмбелік ферма меңгеруші, еңбеккерлігімен әйгілі Шериязданов Орханың інісі Шериязданов Мұхаммеджан, шопандар Шәймен, Бақберген қария (бұл кісілер жайлы ғалым Н.Нұрпейісов жазды); бірінші, үшінші фермадан (Ферма меңгерушілері әр кезде Сағындықов Орынбек, Тұтқышев Отарбек, Тұрсынбеков Ақболат, Күмісбеков Әбітай, Асқарбаев Сайлау т.б.) Қалдыбаев Өтенбай, Отарбай (алғашқы Волга көлігін иемденген), Құлманов Серік әйелі Дәмешапамыз облыстық советтің депутаты, Асқарбаев Өзбекбай сынды озаттар дүрлдеп тұрды. Не керек, сол кісілердің ізін ала Асқарбаев Өндірбек те Мәскеуге жол тартады ғой. Өндірбек аға елге келгесін Пәзекеңге сәлем береді ғой. Пәзекең ә дегеннен одан емтихан алады.

«Ә, бала, қайда бардың, қайда қондың, не алдың?» дегендей.

–Қайда түстің? – дегенде бір қонақ үйдің атын атайды. Пәзекең менсінбей, ой тәйірі, мен болсам «Красная заряда» жатқам, деп бір қояды.

–Немен жүрдің? деген сұрағына Өндір інісі автобусты атайды, Пәзекең тағы да: О, оның жарамапты, мен таксимен аралағам, деп тағы бір асып түседі.

Не әкелдің? – дегенде: киім-кешек, т.б. қажетті көржөрді атайды. Пәзекең әдетінше шыдамсызданып: «Ой, бәтшағар, мен персидский кілем, үнді шайы, мынауский кәстем шал-

Созақта тұру үшін қысы қатал, Ақиық, мұзбалақ боп туу керек, деп жырлапты жергілікті ақын Қазыбек Мыңжанов. Үскірік аязы, бөрісі мен аң-құсы анталаған қысылшаң шақтарда малды шығынға ұшыратпай аман сақтау да ердің ерінің қолынан келері хақ. Қоғамдық малды көзінің қарашығындай қорғап, абырой биігінен көрінген аға шопандардың еселі еңбегін қалай айтсаң да жарасады. Сейітбек Жүсіпов те сондай еңбекқор жанның бірі. Сол өңірдегі аты шыққан бай, жұрттың әжетіне жарап тұрған ашық қолды мырза адам болған. Баласы Сәрсенді қаладағы мектептерге, ең беделді жоғары оқу орындарында оқытқан. Талапты ұлы қазір ең іргелі оқу орындарында ғалым, әрі басшылық қызметтерде. Сейітбек қария қысы жазы күпісі мен етігін тастамай, тас түйін жинақы жүретін. Қыс қыстау, жаз жайлау радиобақылдағышы қолында елімізде неңдей оқиға орын алуда, Мәскеудегі политбюрода кімдер келіп, кімдер кетіп жатыр, ауылдастар о кісінің аузынан бірінші естиді. Бірде шопандардың керек жарағын жеткізетін автодүкеннен радиоқабылдағыштың ток беретін құрылғысы уақтылы жеткізілмей қалып, шаруашылық басшыларына ескертіп, ең болмаса пәленше деген полтбюро мүшесінің қайтыс болғанын да ести алмадық деп жеңіл өкпе айтқанда, әлгі басшы: «Оқасы жоқ, Секе, ести алмасаңыз жетісіне барасыз», деп қағытқан көрінеді. Біздің қазекең ондайда «сөз тапқанға қолға жоқ деп жатады. Асырып сөйлегенді де ұнатамыз. Соның бір дәлелі болар бірде қазекең жеңіспен елге оралып, төрде отырып, былай бөсіп отырған көрінеді: «Майданда ерлік көрсетіп, бір-екі күн демалыс алағы Мәскеуге келдім. Қызыл алаңдағы Ленин мавзолейіне кіріп, көсемге тағзым етіп дұға қайырдым. Әлден уақытта мавзолейдің сыртына шығып темекі тартып тұрсам, қырсыққанда әудем жерде Надежда Крупская келе жатыр екен, деген екен.

Мырзабай ОМАР,
Әдет-ғұрып және салт-дәстүр орталығы, ғылыми әдістемелік бөлім басшысы.
(Жалғасы бар).

Сенімгерлік басқарушы:

"Agro-sozak" ЖШС

Меншік иесі-

"Созақ үні" газеті редакциясы"
жауапкершілігі шектеулі серіктестігі

Директор:
Абилпаттаев Ержан БАКЫТЖАНОВИЧ

Бас редактор:
Теңізбаев Сәрсенбек Сайлаубекұлы
Жауапты хатшы
Мақсат Қарғабай
Редакция құрамы:

Аға тілші-
Нұржамал МАЙУСОВА
Тілшілер-
Данияр БЕКОВ
Нұрсұлтан ШЕРТАЕВ
Біржан ЖАНДӘУЛЕТОВ
Дизайншы-
Асхан БАҚТЫБАЕВ
Терімші-
Бағила АЯЗБАЕВА

Қолжазбалар еңделеді, қайтарылмайды және оларға пікір жазылмайды. Редакция авторлар мақаласы мен жарнама мазмұнына және өздері әкелген суреттің сапасына жауап бермейді. Кей суреттер интернеттен алынады.

Компьютерлік бетпен екі жарым беттен (250 жол) асқан материалдар қабылданбайды.

Газет Қазақстан Республикасы Ақпарат және Коммуникациялар Министрлігі Ақпарат комитетінде 2018 жылдың 6 қаңтар күні Астана қаласында тіркеліп, мерзімді баспасөз басылымын, ақпарат агенттігін және желілік басылымды есепке қою, қайта есепке қою туралы №17391-Г куәлігі берілген.

Газет редакцияның компьютер орталығында теріліп, беттелді. «Ар-принт» баспаханасында басылды. Шымкент қаласы, Ж.Ташенов көшесі, №24.

Таралу аумағы: Қазақстан Республикасы

Газет А-3 көлем форматта аптасына 2 рет шығады
Индекс 64450

Редакцияның мекен-жайы: 161000, Шолақорған ауылы, С.Қожанов көшесі, байланыс телефондары 4-15-30 (факс), 4-25-19, 4-28-97

А-ақысы төленген

тапсырыс №
таралымы -
3800 дана

Кезекші редактор:

Н.Шертаев